

АГРАРЛЫҚ ӨНДІРІСТІ ӨРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ДИВЕРСИФИКАЦИИ АГРАРНОГО ПРОИЗВОДСТВА

RELEVANT PROBLEMS OF DIVERSIFICATION OF AGRICULTURAL PRODUCTION

А.Ж. НУКЕШЕВА¹

э.ғ.к., доцент

Б.А. АЙНАКАНОВА²

PhD докторанты

А.С. КАЗКЕНОВА¹

экономика ғылымының магистрі

¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

²Инновациялық Еуразия университеті

А.Ж. НУКЕШЕВА¹

к.э.н., доцент

Б.А. АЙНАКАНОВА²

докторант PhD

А.С. КАЗКЕНОВА¹

магистр экономических наук

¹Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина

²Инновационный Евразийский университет

A.ZH. NUKESHEVA¹

C.E.Sc., Associated Professor

B.A. AINAKANOVA²

PhD student

A.S. KAZKENOVA¹

Master of Economic Sciences

¹S.Seifullin KazakhAgrotechnicalUniversity

²Innovative University of Eurasia

Аңдатпа. Қазақстанда аграрлық өндірісті өртараптандыру мәселелері қарастырылған. Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдаудың, оның ішінде егіс алқаптарын өртараптандырудың мәні көрсетілген. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, егіс алқаптары құрылымының өзгеруіне талдау жүргізілді, майлы және азықтық дақылдар алқаптары нақтыланды. Өсімдік шаруашылығы саласында өндірісті өртараптандыру проблемалары анықталды, соңғы бес жылдағы деректерге сапалық және сандық талдау жасалды. Егістіктің ұтымды құрылымдарына, жоғары өнім алуға, ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткілікті мөлшерде өнім өндіруге, оны іске асыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін Индустриялық даму мен өртараптандыру міндеттері қарастырылған. Егіс-тіктің ұтымды құрылымдарына бағытталуға, жоғары өнім алуға, ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткілікті мөлшерде өнім өндіруге, оны іске асыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін индустриялық даму мен өртараптандыру міндеттері қарастырылады. АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы импортты қысқартуға және экспортқа бағдарланған өнім өндіруді ұлғайтуға мүмкіндік беретін аграрлық секторды жедел дамытуды, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылуының өсімін, еңбек өнімділігін, суармалы жерлер алқаптарын арттыруды көздейді. Шаруашылық жүргізу субъектілерінің ресурстық әлеуетін және инновациялық технологияларды ұтымды пайдалануға ықпал ететін ауыл шаруашылығы өндірісін өртараптандыру қажеттілігі дәлелденген.

Аннотация. Рассмотрены вопросы диверсификации аграрного производства в Казахстане. Показано значение государственной поддержки сельскохозяйственной отрасли, в том числе диверсификации посевных площадей. Согласно статистическим данным Комитета по

статистике МНЭ РК, проведен анализ изменения структуры посевных площадей, уточнены площади масличных и кормовых культур. Выявлены проблемы диверсификации производства в растениеводческой отрасли, сделан качественный и количественный анализ данных за последние пять лет. Рассматриваются задачи индустриального развития и диверсификации, позволяющей ориентироваться на рациональные структуры посевов, получение высоких урожаев, производство продукции в размерах, достаточных для удовлетворения внутренних потребностей, увеличение объемов ее реализации. Государственная программа развития АПК на 2017-2021 гг. предусматривает ускоренное развитие аграрного сектора, рост валового выпуска сельскохозяйственной продукции, производительности труда, площадей орошаемых земель, позволяющих сократить импорт и увеличить производство экспортоориентированной продукции. Аргументируется необходимость диверсификации сельскохозяйственного производства, способствующей рациональному использованию ресурсного потенциала субъектов хозяйствования и инновационных технологий.

Abstract. The issues of diversification of agricultural production in Kazakhstan are considered. The importance of public support for agricultural sector, including the diversification of the sown areas, is shown. According to the statistical data of the Committee on Statistics of the MNE RK, the analysis of changes in the structure of sown areas was carried out, the areas of oilseeds and forage crops were specified. The problems of diversification of production in crop production have been identified, and qualitative and quantitative data analysis over the past five years has been made. The tasks of industrial development and diversification, which allow to focus on rational structure of crops, obtaining high yields, production of products in sufficient volume to meet domestic needs, increasing the volume of its implementation are considered. State program on AIC development for 2017-2021 assumes the accelerated development of agri sector, the growth of gross agricultural output, labor productivity, and areas of irrigated land, which result in reduction of imports and increased production of export-oriented products. The necessity of diversification of agricultural production, contributing to the rational use of the resource potential of business entities and innovative technologies, is justified.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіп кешені, әртараптандыру, егістік алқаптары, суармалы жерлер, ауыл шаруашылығы өнімдері, нарық, экспорт, импорт, бәсекеге қабілеттілік.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, диверсификация, посевные площади, орошаемые земли, сельскохозяйственная продукция, рынок, экспорт, импорт, конкурентоспособность.

Keywords: agriculture, diversification, sown areas, irrigated land, agricultural products, market, export, import, competitiveness.

Кіріспе. Еліміздің аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталып отыр. Бұл тарапта біздің еліміздің шаруалары егін егіп қана қоймай, қазіргі уақытта дәнді дақылдарды өсіруі технологиясын да жетік меңгергендігін көруге болады, бірақ бұл шаралар әлі де жеткіліксіз [1].

Ауыл шаруашылығы саласын дамытуда мемлекет тарапынан жасалып жатқан шараларға қарамастан, бұл салада дақыл өңдеу технологиясының артта қалуы, жер өңдеудегі жоғары тәуекелділік пен төмен өнімділік, мал азығының жетіспеушілігі, тексерілген ғылыми көзқарастардың жоқтығымен байланысты мәселелер толық шешімін таппай отыр.

Еліміздің экономикасын дамытудағы белгілеген басылымдықтардың бірі – ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру болып табылады. Әрине, ауыл шаруашы-

лық өндірісті әртараптандыру елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, қосымша жұмыс орындарын ашуға, еңбек өнімділігін арттыруда жағдай жасайды. Ол біріншіден, экономикалық тәуелсіздікті нығайтады; екіншіден, өндірісте қалдықсыз технологияны пайдалану нәтижесінде шектелген ресурстарды ұтымды пайдалануға жағдай жасайды; үшіншіден, өндірістің тиімділігін арттырып, оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады; төртіншіден, ел экономикасын әлемдік нарыққа шығуға жол ашады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу барысында, мемлекеттің ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудағы ұстанған саясатының нәтижесінде, егістік жерлердің құрылымындағы өзгерістерге салыстырмалы статистикалық талдау жасалынып, өз кезегінде өндірісті әртараптандыру мәселесінің түбегейлі шешу жолдарына анықтауды талап етеді.

Өртаpaтaндыру (диверсификациялау) дегеніміз кәсіпорынның өнім түрлерін кеңейту, өзгерту және өндіріс тиімділігін жоғарылату мақсатында жаңа өндіріс түрін игеру арқылы экономикалық пайда алу және банкроттықтың алдын алу болса. Ал, өндірісті өртаpaтaндыру – бұл кәсіпорынның өндіріс тиімділігін арттыру және экономикалық табыс табу мақсатында өз өнімдерінің түрін көбейтуі, не өзгертуі, өндіретін жаңа өнім түрлерін игеруі болып табылады [2].

Өндірісті өртаpaтaндыру агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыру, оның ішкі қорлары мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, саланың ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігінен туындап отыр. Бұл өз кезегінде аграрлық сектордың тұрақтылығын, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін, ауыл шаруашылығының түрлі шикізаттарымен қамтамасыз етуімен тікелей байланысты. Ауыл шаруашылығындағы өндірісті өртаpaтaндырудың алғашқы кезеңінде ең әуелі жергілікті жердің табиғи-климаттық және экономикалық жағдайға бейімделген тиімді өнім түрін таңдап алуды қажет етеді.

Нәтижелер және оларды талқылау.
Азық-түлік өнімдерін тұтынудың қарқынды

өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына қарай өзгеруімен халықтың сапалы өмір деңгейінің өсуі орын алуда. Елді азық-түлікпен, халықты жұмыспен қамтуды жақсартуда және еліміздің экономикасын тұрақты дамытудағы ауыл шаруашылығының рөлі маңызды. 2010 жылдан бастап ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 5%-дан асқан емес, бұл көрсеткіш 2017 жылы да небәрі 5,1%-ды құрады [3].

Еліміздің өңірлері әр түрлі климаттық және топырақ сипаттамалары бар үлкен территориялық маманданумен анықталады. Осылайша, солтүстік өңірлерде дәстүрлі түрде астық өндірісі дамыса, оңтүстіктің өңірлері күріш, жемістер мен көкөністерді өсірумен, қалған аймақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Сонымен бірге, Қазақстанның тәуекелді жер өңдеу аймағында орналасқандықтан және ауыл шаруашылығын басқарудың ескірген әдістерін пайдаланатындықтан өндірістің өте жоғары құбылмалылығы бар.

Қазақстанда ауыл шаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабының құрылымының соңғы бес жылдағы өзгерісі 1 суретте келтірілген.



1 сурет – Ауыл шаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабының құрылымы, га

1 сурет мәліметтері негізінде, Қазақстан Республикасы бойынша ауыл шаруашылық дақылдарының егіс алқабы 2017 жылы 21,8 млн гектар құрағанын көреміз, ал бұл көрсеткіш 2013 жылы 21,3 млн гек-

тар болған, яғни бес жылдағы өсім небәрі 2,7% құрайды. 2014 жылдан бастап мемлекет өсімдік шаруашылығында тиімділігі төменгі суарылатын дақылдардың көлемін азайту және оларды көкөніс, майлы дақыл-


дар мен жемшөп өнімдерімен ауыстыру жолын ұсынуда. Қазақстанда ауыл шаруашылығын қолдау саяси басымдылық болғандықтан, егістік алқаптарды әртараптандыру жұмыстары қолға алынып, майлы дақылдар көкөніс және жемшөп дақылдары едәуір ұлғайды, тиімділігі төмен деп танылған күріш пен мақтаның аудандары азайды [4].

Соңғы бес жылдағы егістік алқабының құрамында дәнді және бұршақты дақылдардың егістік алқабы құрылымы 2017 жылы 2013 жылға қарағанда 472,2 гектарға немесе 3,1% қысқарған. Жалпы ауыл шаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабының құрылымындағы өзгерістерге қарап дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдардың егістік алқабының көлемі 2017 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 4,1 пайыздық пунктке қысқар-

ғанын көруге болады. Жолдауда аталған дақыл түрлерінің өзгерісін талдайтын болсақ, майлы дақылдардың егістік алқаптарының көлемі 25 пайызға және мал азықтық дақылдардың егістік алқаптарының құрылымы 18 пайызға өскенін көреміз.

Агроөнеркәсіптік кешеннің 2017-2021 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мал азықтық өнеркәсібінің дамуы үшін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі, мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылық кооперативтерге мал азығын дайындайтын зауыттардың дайындайтын мал азығының құнын арзандату, ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыруға кететін шығынның 50 пайызға дейін төмендетуді көздейді [5].

Қазақстанда қолданылатын ауыл шаруашылық дақылдардың егістік алқабының құрылымын 2 суретте келтірілген.



2 сурет – Ауыл шаруашылық дақылдардың егістік алқабының құрылымы

2-ші сурет мәліметтері негізінде, ауыл шаруашылық дақылдардың егістік алқабының құрылымында үлкен үлес бидайға тиесілі. Бидай дақылының басым болуының объективті себептері – агротехникалық шаралардың қарапайымдылығы мен басқа дақылдармен салыстырғанда аз шығындар есебінен тұрақты өнімділікті алуға мүмкіндік береді. Ең бастысы шаруалар үшін өткізуде үлкен мәселе туындамайды, өйткені бидайға деген сұраныс тұрақты, оны жергілікті өндірушілер немесе трейдерлер сатып алады. Әрине, шаруалардың нарықта қалыптасатын бидай бағасы әрқашан қанағаттандырмайды. Бірақ, кем дегенде ең төменгі табыс деңгейге қол жеткізе алады.

Бүгінгі таңда, елімізде өсімдік шаруашылығының өндірісін әртараптандыру мен ауыл шаруашылық дақылдарды өңдеуде заманауи ресурс үнемдеу технологияларына жедел көшу мәселелерінің өзек-

тілігі артты. Еліміздің негізгі астық өндіретін аймақтарының егін шаруашылығында өндірісті әртараптандыру бірдей қарқыммен жүзеге аспай отыр, яғни баяу жүру есебінен осы саланың бәсекеге қабілеттілігіне кері әсерін тигізуде.

Мемлекет тарапынан қолданылып жатқан ынталандыру шараларына қарамастан, егістік алқаптарын кеңейту үрдісі өте баяу жүргізілуде, әсіресе майлы және мал азықтық дақылдарға қатысты. Бүгінгі әлемдік экономика жағдайында азық-түлік өнімдеріне деген сұраныстың жылдан жылға ұлғаюы ауыл шаруашылық дақылдарды өндіру көлемін де ұлғайтуды талап етіп отыр, ал бұл өз кезегінде еліміздің өндірістік әлеуетін тиімді қолдануға және сыртқы нарыққа шығуға мүмкіндік болады. Бұл мәселені шешу үшін қазіргі заманғы агротехнологиялық шараларды және үнемдейтін инновациялық технологияларды

қара-қоңыр және қара топырақ аймақтарымен шектелетіні мәлім. Бұлар – Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Қостанай облыстарындағы күн сәулесі өте жеткілікті мөлшерде түсетін құрғақ және қуаң дала аймақтар [7].

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің зерттеулері дәнді-бұршақты, майлы дақылдарды, сыралық және азық-түліктік арпаны, емдәмдік сұлыны өндіру мүмкіндігін көрсетіп отыр. Шетелдік тәжірибеде бидайдың құны төмендегенде және сол кезеңде астықтың мол ауыспалы қоры құрылғанда бидайға баламалы дақылдар іздеу басталды, таппатарда көптеген жаңа дақылдар пайда болды. Қазақстанда көптеген дақылдар жақсы өседі, бірақ оны көп ешкім екпейді, өйткені ол өзінің және әлем нарығының өткізу механизмін қолдана білмегендіктен.

Екінші міндет экспортты әртараптан- дыру, оны жүзеге асыру үшін инвестици- ялық жобаларды жүзеге асыру қажет. Олар: мал бордақылайтын алаңдар мен мал соятын орындардың құрылысын салу, ірі тауарлы-сүт фермаларын салу, ет өн- діруге бағытталған құс фабрикаларының құрылысын салу, биязы жүнді қой шару- ашылығын дамыту, балық шаруашылығын дамыту, астықты терең өңдеу, тамшылап суару технологиясын қолдана отырып жеміс-көкөніс өнімдерін өндіруді ұйымда- стыру, балық және жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдейтін саланы өркендету, жылы- жай шаруашылығы желілерін ұйымдасты- ру, көкөніс сақтау қоймаларын салу және қайта құру және т.б.

Шаруашылықтар үшін нарыққа бағытталған жоғары сапалы дәнді және майлы дақылдарды тұрақты өндіру үшін егістік алқаптардың құрылымын жетілдіру керек, сонымен қатар тиімді және үнемдейтін инновациялық технологияларды пайдалану қажет [6]. Мысалы, сапалы бидай өндіру өңірлері көбінесе өнімділіктің орташа деңгейі гектарынан 10-25 центнер шегіндегі

ие және экономикалық тұрғыда рентабельді болып табылатын дақылды таңдау керек. Экономикалық тұрғыдан қарағанда, бәсекеге қабілетті дақыл түрлерінің көп көлемін қамтамасыз ету үшін егістік алқаптарын, негізгі өндіріс қорларын, еңбек күшін тиімді пайдалану жолымен еңбек және қаржы шығындарын төмендетуді қамтамасыз ету қажет. Егіс алқаптарының оңтайлы құрылымына еңбек және қаржы шығындарын аз жұмсаған жағдайда, алқап бірлігінен көп өнім алуға қол жеткізу.

Қазіргі заманда өзгеріп отыратын нарық конъюнктурасына байланысты, сапалы бидайға деген сұраныс артуда. Осы сәтте біздің бидай өндірушілерінің басты мәселесі – нарықта өз өнімін сату мүмкіндігі. Жаппай бидай өндіру нәтижесінде дәнді-дақылдар нарығында тепе-теңдік бұзылып, басқа сұранысқа ие дақылдарының өндірісі азайды. Нарық конъюнктура-сында бидайға деген сұраныс азайған жағдайда отандық кәсіпорындардың дәнді дақылдарды әртараптандыруға көшу мүмкіндігін қарастыруы қажет.

Әртараптандырудың негізгі факторлары мен алғышарттары: ауыл шаруашылығы өндірісін табиғи-климат, экономикалық жағдайларға сәйкес ұтымды орналастыру, шаруашылық субъектілердің белгілі бір кәсіпке мамандануы негізінде шоғырландыру және ірілендіру, салааралық қатынастарды үйлестіру. Әртараптандырудың негізінде халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуінің бірден-бір қолайлы экономикалық жағдайы қалыптасады, ауыл шаруашылығы құрылымдарының тиімділігі артады, бәсекеге қабілетті тауар өндірісін дамытуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы салаларын әртараптандыру барысында аймақтар бойынша қолайлы орналастыру мен шоғырландыру дәрежесінің артуы, өнімдердің тиімділігін арттыруға, халықтың азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға оң ықпал тигізеді. Әртараптандыру келешегінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қаржылық жағдайы анағұрлым жақсарады. Ауыл шаруашылығын әртараптандыру саланың кең көлемде қаржыландырылуын талап етеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісін диверсификациялаудың негізгі бағыттары:

- агротехникалық шаралар кешенін сақтау негізінде дәнді дақылдар өнімділігін жоғарылату;
- дәнді дақылдарды өсіруде үдемелі-инновациялық технологияларға көшу;
- жарма дақылдарын өндіру мен қайта

өндеуді көбейту;

- сыртқы сауданың тұрақтылығын қамтамасыз ету және астық экспорын мемлекеттік реттеудің тиімді механизмін қолдану.

Ауыл шаруашылық өндірісті әртараптандыру шаруашылық субъектілерінің ресурстық әлеуетін ұтымды пайдалануға, өндірісті инновациялық технологияға көшіруге және осы саладағы кәсіпорындардың арақатынастарын ортақ мүддеге қалыптастыруға жол ашады. Еліміздің агро-өнеркәсіп кешені айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгенде: нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсуі, еңбек өнімділігінің артуы, саланың негізгі қорларын жаңаруы және инфрақұрылымының қалпына келуі, дәнді және майлы дақылдар өнімдері экспортының айтарлықтай өсуі байқалатын болады [9].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы өндіріс әртараптандыруының шешуші факторы – саланың білгілі бір кәсіпке бейімделуі мен шоғырлануы. Бұл өз кезегінде, бәсекеге қабілетті өнімдердің жекелеген кәсіпорындарда табиғи-климаттық, экономикалық және басқа да өндірістік жағдайларына байланысты ұтымды орналастырылумен тікелей байланысты. Қорыта айтқанда, астық өндірісінің келешегі әртараптандыруды қолдау, егістік жерлердің ұтымды құрылымын айқындау болып табылады.

Тұжырымдар. 1. Өсімдік шаруашылығын әртараптандыру нәтижесінде шаруашылықтардың белгілі бір кәсіпке мамандануы тереңдейді, өндірістің шоғырлану дәрежесі жоғарылайды, өнімнің көлемі артырылады. Шаруашылыққа пайдалы, қажет өнімдерді шаруашылық жағдайына қарай дұрыс әрі ұтымды еге білу өте қиын іс. Әрине, егістік алқаптарының құрылымында шаруашылық үшін пайдалы дақыл түрлерінің егістік алқабындағы үлесінің көп болуы шарт, бірақ бұл жерде шаруашылықтың өз мүмкіншіліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет. Сонымен бірге, өндірілген өнімді нарыққа өткізу мүмкіншіліктерін, сол өнімге деген сұранысты да ескеру шарт.

2. Егін шаруашылығымен айналысатын шаруалар үшін тәуекелділіктің кері әсеріне қарсы әртараптандырудың шешуші факторларының бірі – ауыл шаруашылығы дақылдары алқаптарының оңтайлы құрылымын қалыптастыру болып табылады. Ал, ол өз кезегінде нарықта сұранысқа ие дақыл алқаптарын қалыптастыру және үнемдейтін инновациялық технологияларды пайдалану нәтижесінде әрбір гектардан жоғары түсімділік алуға жағдай жасайды.

.....

7 Mizanbekova S.K., Kalykova B.B., Mizanbekov I.T. Voprosy ustojchivogo razvitiya zernoproduktovogo podkompleksa Kazahstana // Problemy agrorynka.– 2018. –№2. – S.139-147.

9 Kabykenova A.T., Ajnakanova B.A. The diversification of production as the direction of the efficiency agricultural enterprises // *Materialy mezhd. nauch.-prakt. konf. «Sovremennyye problemy gumanitarnykh i social'nykh nauk»*. – Astana: Evrazijskij Gumanitarnyj institut, 2017.- S.403-406.